

## 5-СЫНЫПТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНДЕГІ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫНА САЙ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Ескожина С. С.** – Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Қаратөбе ауданы білім беру бөлімінің «Қаратөбе мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі БҚО, Қаратөбе ауданы.

*Баяндамада мұғалім Ы.Алтынсарин әңгімелерін оқыту барысындағы тиімді тәсілдерімен бөліскен. Педагог әр сабағында оқу бағдарламасына сай мақсаттар арқылы автордың шығармасының мазмұнын, идеясын нақты тапсырмалар арқылы меңгертуге тырысқан. Жұмысында мақсаттарды ашып көрсете отырып, сәйкесінше әдістерінің тиімділігін анықтаған.*

*Кілт сөздер: оқу бағдарламасы, оқу мақсаттары, автор, шығарма идеясы, тапсырмалар, құндылық, образ.*

Бүгінгі таңдағы 5-сыныптың қазақ әдебиетінің оқу бағдарламасында Ы.Алтынсариннің «Атымтай Жомарт», «Қыпшақ Сейітқұл» және «Дүние қалай етсең табылады» атты әңгімелері 10 сағатқа берілген. Алдымен оқулықтан оқушыларға әңгімелерінің мазмұнын меңгерту мақсаты көзделеді. Бағдарламада 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау[1, 12-бет] сынды мақсаттарды төмендегідей тапсырмалар арқылы меңгертуге болады.

«Дүние қалай етсең табылады» әңгімесін өту барысында сюжет мазмұнын ашатын сұрақтармен қоса, автор ойын ұғындыру мақсатында сауалдар қойған дұрыс. Мысалы:

- Шығармада Антонның тіршілігі қалай көрінеді?
- Кездейсоқ адамның Антонға айтқан әңгімесінен не түйдің?
- Шығарма соңындағы Антонның сөзін баянда.

Әңгіме мазмұнын меңгерген соң, кейіпкерлер іс-әрекетін талдауға ерекше көңіл бөлген жөн. 5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу[1, 12-бет] мақсаты ұсынылған.

Осы бағытта Антонның шығарманың басындағы әрекеті мен әңгіменің соңындағы оқиғадағы бейнесін салыстыртып, әр кейіпкер образы арқылы автордың идеясы көрініс табатынын түсінуге жетелейді.

<i>Шығарманың басындағы Антон бейнесі</i>	<i>Шығарманың соңындағы Антон бейнесі</i>
<i>Қайыр сұрап отырады Тіленші Жас бала</i>	<i>Купец Ісіне нық Малына күтімді Дүкен иесі</i>

Білім алушыларды ойландыруға бағытталған тәсілдерді қолдану оқушылардың ойлау белсенділігін, танымдық деңгейін арттырады. Осы әңгімені оқығаннан кейін әр оқушы өзінің ішкі әлеміне үңіліп, көкірегіне руханияттың бір сәулесін болса да қондырғаны абзал. 5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу [1, 12-бет] мақсатын көздейтін соңғы сабақтарда Абайдың

«Білімдіден шыққан сөз,  
Талаптыға болсын кез  
Нұрын, сырын көруге.

Көкірегінде болсын көз, – деген сөзі мен Антонды қалай байланыстырар едің?» деген сұрақ қоя отырып, эссе жазуға жетелеу керек.

Осы сабақтардан соң, оқушыларға шығармашылық тапсырмалар да беруге болатын секілді. «Антонға кеңес беріп елең шығарып көр, болашақтағы арман-мақсатыңды қағазға түсіріп, жоспарла немесе суретін сал».

Ы.Алтынсариннің келесі туындысы – тәлімдік мәні зор «Атымтай жомарт» әңгімесі. Шығарманы оқытудың кіріспе бөлімінде шағын әңгіме, хикаят жанры туралы түсіндіріледі. Мәтін мазмұнын оқығаннан соң, түсіндірме сөздіктен оқушыларға түсініксіз сөздердің мағынасын түсіндірген жөн.

Бастауыштан енді шыққан 5-сынып оқушылары «жарлы», «көңілге жел кіру», «желіккен көңіл», «әбірет алу», «пұл», «сіңімділік» деген сөздердің мағынасына бойламауы әбден мүмкін. Мазмұнына байланысты сұрақтар қойған соң, мәтінге жуық мазмұндау, диалог, көрініс түрінде қойғызған да балалардың қызығушылығын тудырады анық.

5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу [1, 12-бет] мақсатын төмендегі кестелер арқылы ашуға болады.

<i>Атымтай Жомарт сөзі</i>	<i>Іс-әрекеті</i>	<i>Бойындағы қасиеті</i>
<i>Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне-бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. [2, 69-70-бет]</i>	<i>Үнемі айналасындағы адамдарға қамқор болады, барлық пендені тең көреді.</i>	<i>Қарапайымдылық, мейірімділік, қайырымдылық</i>
<i>Екіншісі:</i>		
<i>Үшіншісі:</i>		
<i>Төртіншісі</i>		

#### Сәйкестендір

<i>Атымтай Жомарт сөзі, бейнесі</i>	<i>Кейіпкер бейнесін ашатын мақалдар</i>
<i>Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне-бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. [2, 69-бет]</i>	<i>Кісіні кейде таршылық сынайды, Кейде баршылық сынайды.</i>
<i>Екіншісі: бар бола тұрып, мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. [2, 69-70-бет]</i>	<i>Таршылықты көрмесең, кемшілікті білмессің</i>
<i>Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бірекі пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады. [2, 70-бет]</i>	<i>Еңбегі аздың өнбегі аз Еңбекпен тапқан нан тәтті</i>
<i>Төртіншісі: Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын. [2, 70-бет]</i>	<i>Кең болсаң, кем болмайсың. Еңбек адамның көркі,</i>

Оқулықтағы үшінші әңгіме – «Қыпшақ Сейітқұл». Алдымен бұл шығармадағы басты кейіпкер есімі аңызға айналған егінші Қыпшақ Сейітқұл Маманұлы туралы таныстырылады. Алғашқы сабақтарда шығарманың мазмұны, кейіпкер тұлғасына талданады. 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау, 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау деген [1, 12-бет] мақсаты бойынша балалар әдебиетінің атасы Ыбырайдың осы шығарма арқылы айтқысы келген ойы, идеясы, кейіпкерлердің образы арқылы көрінетіндігі түсіндіріледі. Әдебиет пәнінің сабағында тақырып идеясымен бірге адамгершілік қасиеттер оқушыларға үлгі-өнеге ретінде үнемі айтылып отыру керек. Әсіресе бүгінгі рухани құндылықтарымыз жұтаңданған алмағайып кезеңде ұлы ағартушы Алтынсариннің тәлімі терең туындыларының маңызы зор.

Осы тұста Сейітқұл образын талдату арқылы оқушылардың бойына еңбекқорлық, мейірімділік, елжандылық, адамға жанашырлық көрсету, қайырымдылық, қамқорлық сынды қасиеттерді сіңіру қажет. Кейіпкер образын нақты ашып көрсете отырып, шәкірттердің өздеріне сұрақ қою тапсырмалары да мақсатқа жетуге жетелейді.

<i>Оқиға</i>	<i>Кейіпкер бейнесі</i>	<i>Өзіме түйгенім</i>
<i>Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың аттаныс барымтасы бар уақытта, «бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарын қосамын» деп ойға қалды. [2, 72-бет]</i>	<i>Айналасындағы адамдардың қамын ойлаған жанашыр, қайырымды адам.</i>	<i>Өзгеге көмектесу, мейірімді болу, жақсылығымызды аямау</i>

Сонымен қатар, әңгімелерінің 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау [1, 12-бет] деген мақсат берілген. Осы мақсат бойынша үш әңгімедегі автордың тіл шеберлігіне талдап, көркемдегіш құралдарды тапқызу да шығарманықайта қарап, мәнін түсінуге, оқушыны іздендіруге түрткі болады.

Үзінді, мысал	Көркемдегіш құрал	Мағынасы
Әуелгісі: <u>әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне-бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді.</u> [2, 69-бет]	<u>әдемі ат, асыл киім, асқан дәулет</u> – эпитет  <u>көңілге жел кіргізу</u> – ауыспалы мағыналысөз	Сән-салтанаты келіскен молшылықта өмір сүру  Бір нәрсеге елігу, желігу, еліру
- Сен қарауға әп-әдемі кісі <u>секілді</u> көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да <u>бардай</u> көрінеді... [2, 69-70-бет]	<u>Секілді</u> – теңеу <u>Бардай</u> – теңеу	Қолынан іс келетін дені сау, ойы бүтін бала

Жалпы алғанда Ы.Алтынсарин шығармаларын оқыту арқылы балалардың оқуға деген ынта-ықыласын, шығармашылық қырларын, адами қасиеттерін дамытумен қатар, іскерлік қабілеттерін де арттыруға мүмкіндік мол.

### Әдебиеттер тізімі

1. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
2. С.Ч. Тұрсынғалиева, Р.Зайкенова «Арман -ПВ» баспасы, 2017 ж.
3. Қ. Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы» / Алматы «Мектеп»-2003 ж.

ӘОЖ 37.01

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ПАТРИОТ-ПЕДАГОГ

**Жақып Қ. Х.** – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры, философия ғылымдарының кандидаты,

Мақалада ұлы ұстаз алғашқылардың бірі болып, қазақ халқын мақтан етіп, оң баға береді. Ыбырай Алтынсарин бірінші кезекте халқың сүйп, жаңы ашып қолдан келген бар мүмкіндікті пайдаланып, ал мүмкіндік жоқ жерде, амалын тауып оқушыларға көмектесудің ұтымды жолдарын табады, жастарға үміт артады. Ыбырай Алтынсарин нағыз патриот. Елімізде ұлы ұстаз алғашқы болып, педагогика ғылымының негізін қалайды. Оқушыларды адамгершілік тұрғыда тәрбиелейтін 60-тан астам әңгімелер жиі қалтаған. Мақала сонында автор үш ұсыныс жасайды.

Түйінді сөздер: *Ұстаз, отансүйгіштік, патриот, педагог, тәрбие, адамгершілік.*

Ы. Алтынсарин ұлт мүддесі мен ұлт мұраты үшін бар өмірін сарп еткен ағартушы. Оны біздер Ұстаздың шығармашылық еңбектерінен, жазған хаттарынан, ағартушылық істерінен айқын көреміз.

Ы.Алтынсарин алғашқы хаттарының бірінде 1862 жылы 26 қаңтардағы Орынбор бекінісінен Н.И. Ильминскийге жазған хатында: «...Құдай маған көмек етсе және дәрменім жетсе, мен азды-көпті қазақ халқына ғана пайдалы бола аламын»[1] – деп өмірлік кредосын айтады. Сонда Ы.Алтынсариннің 20 жастан асар-аспас кезі. Осы хаттың ортасында Ұлы ұстаз:«...» қазақ даласын үш жылдай аралаған Н.И. Ильминскийдің «...Қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды...» [2] – деп айқанына қосылып мақтанышпен жазады.

Сөйтіп Ы.Алтынсарин қазақ халқын мақтан етеді, талапты ұлт деп біледі, мол үміт артып келешегіне сенеді. Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» жазған сөз басында халқымызға төмендегідей сипаттама береді.

«--- қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды, оның ой-пікірі еркін...әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне құмар» – дей келе «...халқымызға шамамыз келгенше қызмет ету әрқайсымыздың да борышымыз» – деуі халқына деген сүйіспеншілігі халқының болашағына сену, сол үшін аянбай еңбек етуге ант беруін көреміз. Ол өзінің ар алдында берген антынан айныған емес.